**Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 14 желтоқсан N 1637

Қазақстан Республикасының "2001 жылға арналған республикалық бюджет туралы" 2000 жылғы 22 желтоқсандағы Z000131_ Заңына, "Қазақстан Республикасының Үкіметі резервінің қаражатын пайдаланудың тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 18 қыркүйектегі N 1408 P991408_ қаулысына сәйкес және Қазақстандағы 1986 жылғы 17-18 желтоқсан оқиғаларына қатысушыларға материалдық және моральдық зиянды өтеу туралы азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен шығарылған сот шешімдерін орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне сот шешімдері бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің, орталық мемлекеттік органдардың және олардың аумақтық бөлімшелерінің міндеттемелерін өтеуге Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген резервінен қосымшаға сәйкес сот шешімдерін орындау үшін 852500

(сегіз жүз елу екі мың бес жүз) теңге бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2001 жылғы 14 желтоқсандағы
N 1637 қаулысына
қосымша

Азаматтық істер бойынша
орындалуға жататын сот шешімдерінің тізбесі

----------------------------------------------------------------------------
Р/с! Сот органының ! 1986 жылғы ! Моральдық және ! Мемлекеттік

| N | атауы | оқиғаларға қатысқан ақталғандардың Т.А.Ә. | материалдық зиянды өтеу сомасы (теңге) | баж (теңге) |
|---|---|---|---|---|
| 1. | Астана қаласы Алматы аудандық сотының 2001 ж. 31.07. шешімі | Х.Қ. Қожахметов | 77 500 | - |
| 2. | Астана қаласы Сарыарқа аудандық сотының 2001 ж. 19.07. шешімі | Е.Ә. Декелбаев | 77 500 | - |
| 3. | Павлодар қалалық соты Ақсу сот учаскесінің 2001 ж. 10.08. шешімі | Б.Ж. Иманқожаев | 77 500 | - |
| 4. | Қарағанды қаласы Совет аудандық сотының 2000 ж. 06.12. шешімі | Қ.Ә. Рахметов | 77 500 | - |
| 5. | Алматы қаласы Бостандық аудандық сотының 2001 ж. 05.06. шешімі | Г.Б. Мұстафина | 77 500 | - |
| 6. | Қызылорда қалалық сотының 2001 ж. 22.06. шешімі Қызылорда облыстық сотының 2001 ж. 25.07. ұйғарымы | Ә. Сабыров | 77 500 | - |
| 7. | Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қалалық сотының | М.Ж. Шекербеков | 77 500 | - |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 2001 ж. 21.05.<br>шешімі | | | |
| 8. | Астана қаласы<br>Алматы аудандық<br>сотының 2001 ж.<br>07.05. шешімі<br>Астана қаласы<br>сотының 2001 ж.<br>26.06. ұйғарымы | Р.Д. Өтепбергенова | 77 500 | - |
| 9. | Алматы қаласының<br>Әуезов аудандық<br>соты Ақсай сот<br>учаскесінің 2000 ж.<br>01.12. шешімі | Қ.М. Иманбаева<br>(Еспенбетова) | 77 500 | - |
| 10. | Астана қаласы<br>Сарыарқа аудандық<br>сотының 2001 ж.<br>26.09. шешімі | Г.Т. Катранова | 77 500 | - |
| 11. | Қызылорда қалалық<br>сотының 2001 ж.<br>04.07. шешімі<br>Қызылорда облыстық<br>сотының 2001 ж.<br>25.07. ұйғарымы | Г. Ибраев | 77 500 | - |
| | Жиыны | | 852 500 | - |
| | Жалпы сомасы | | 852 500 | |

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК